ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 мамыр № 4360-23-00-2/781 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Мұз айдыны» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Асилбек» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Асилбек Базарбаевич Жанбаевқа

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Мұз айдыны» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының талап қою қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Асилбек» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Асилбек Базарбаевич Жанбаев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз деп танылсын.

Жауапкер «Асилбек» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Асилбек Базарбаевич Жанбаевтан талап қоюшы «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Мұз айдыны» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 576 (бес жүз жетпіс алты) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер «Асилбек» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Асилбек Базарбаевич Жанбаевтан мемлекет кірісіне 1 742 (бір мың жеті жүз қырық екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге немесе прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 19.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 29.06.2023, судья Әбілқайысқызы А., 29.06.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство